

Не істеді? Қайтті? Не қылды? деген сұрақтарға жауап беретін сөздер

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл айкүн.....сағат



➤ Не істеді? Қайтті? Не қылды? деген сұрақтарға жауап беретін сөздер заттың қимылын, іс-әрекетін білдіреді.

Мысалы: оқыды, жазды, тұрды, ойнады, күлді.

1-тапсырма. Өлеңді оқып, қимыл, іс-әрекетті білдіретін сөздерді тауып, астын сызайық.

Мен бауырыма қараймын

Ағам жылқы бағады,
Атам пішен шабады.
Жеңгем сиыр сауады,
Әжем киіз қағады.
Тәтем кесте тоқиды,

Мұрат сабақ оқиды.
Менің атым – Талғат,
Мен бауырыма қараймын,
Ойнатуға жараймын.
(Н.Жанәев)

2-тапсырма. Сұрақтың орнына керекті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазайық.

1. Ертай қарды күрекпен (қайтті?).
2. Әжей немересіне арнап тәтті нанды (қайтті?).
3. Айман гүлдерге су (қайтті?).
4. Кранмен жүкті (қайтті?).
5. Жапалақтап қар (қайтті?).
6. Болат ерте тұрып, салқын сумен (қайтті?).

Керекті сөздер: көтерді, жауды, құйды, пісірді, жуынды, күреді.

Blank writing lines for the second task.

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, қимылды білдіретін сөздердің астын сызайық.

Ұшақ ұшт.... . Кеме жүзд.... . Аю ағашты құлатт.... . Қорадағы малдар үр...кті. Қозы маңырад.... . Нұржан тауықтарға жем шашт.... . Тиін бұтақтан-бұтаққа секір..п жүред... .

4-тапсырма. Өлеңді оқып, ағаларымыздың еңбекқорлығы жайында әңгімелейік.

Ағалар

Тың даланы түлетті,
Шөл далаға гүл екті.
Қажымас құрыш білекті –
Осылар біздің ағамыз.

Кенді де іздеп табатын,
Әдемі үйлер салатын.
Айға да ұшып баратын –
Осылар біздің ағамыз.

(А.Сопыбеков)

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат Өзіндік бағалау



Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл айкүн.....сағат



- Сурет бойынша сөйлем құрастырып жазамыз.
- Сызықпен сәйкестіріп, сөйлемді аяқтаймыз.
- Мақалды оқып, жаттаймыз.

1-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, сөйлем құрап жазайық. Қимыл, іс-әрекетті білдіретін сөздердің астын сызайық.



A grid of blue lines for writing, consisting of 5 columns and 6 rows.

2-тапсырма. Қимылды білдіретін сөздермен сәйкестіріп, сөйлемдерді аяқтайық.

- | | |
|--------------------------------------|-----------|
| 1. Әсет түрлі түсті бояумен суреттер | бердім. |
| 2. Әнші ән | шығарды. |
| 3. Дәрігер балаларды | салды. |
| 4. Оқушы есеп | тазалады. |
| 5. Асан қора | емдейді. |
| 6. Мен бұзауға жем | айтты. |

3-тапсырма. Мақалды оқып, жаттайық.


Мақал

Өнер – ағып жатқан бұлақ,

Білім – жанып тұрған шырақ.


Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау



Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл айкүн.....сағат

 ➤ Көп нүктенің орнына заттың қимыл, іс-әрекетін білдіретін сөздерді жазып, сөйлемді толықтырамыз.
 ➤ Сөздерді табамыз.
 ➤ Өлеңді мәнерлеп оқимыз.
 ➤ Мақалды оқып, есте сақтап, көркем жазамыз.

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына заттың қимыл, әрекетін білдіретін сөздерді жазып, сөйлемді толықтырайық.

Орманда биік ағаштар Өсет қолын сабынмен Үсен ағасын мерекесімен Дәурен дойбыдан жарысқа

2-тапсырма. Берілген сөздердің бір әрпін алып тастайық. Қандай сөз шықты? Сол сөзді жазайық.

Ойлан, тап.

Үлгі: 1. Дала – ала

- | | |
|-----------------|-----------------|
| 2. Кеше – | 3. Маса – |
| 4. Ала – | 5. Лас – |
| 6. Қазы – | 7. Су – |
| 8. Көз – | 9. Үру – |
| 10. Нар – | 11. Ісі – |

ә) Алып тастаған әріптерді жазып, оқиық.

Д.....

3-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқиық.


Таң нұры

Егін толы еңісте,
Бақша толы жеміске.
Қоралы қой қаптады,
Жасыл жайлау өріске.

Жанданып бар тіршілік,
Келе жатыр күн шығып.
Жұрттың бәрі жұмысқа,
Бара жатыр құлшынып.


(Ә.Асылбеков)

4-тапсырма. Мақалды оқып, есте сақтайық, көркем жазайық.




Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау



Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл айкүн.....сағат



- Сөздерді қимыл, іс-әрекетті білдіретін сөздермен сәйкестіріп сызамыз.
- **Кім? Не? Не істеді? Қайтті? Не қылды?** деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді топтап жазамыз.
- Өлеңді оқимыз.
- Мәтіннен заттың қимыл, іс-әрекетін білдіретін сөздерді теріп жазамыз.

1-тапсырма. Төменде берілген сөздерді іс-әрекетті білдіретін тиісті сөздермен сәйкестіріп сызайық.

Мал	оқыды.
Кітапты	жүзді.
Балық	жайылды.
Телефон	ұшты.
Ұшақ	шырылдады.

2-тапсырма. Кім? Не? Не істеді? Қайтті? Не қылды? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді кестеге дұрыс жазайық.

Өлібек, тоқыды, Сарай, Ақтөс, жапырақ, оқып отыр, қолөнер, жасап жатыр, ұстаз, түсірді, үйретті, нағашы, малшы, бояды, әтеш, әнші, айтты, сиыр, ұшақ.

Кім?	Не?	Не істеді? Қайтті? Не қылды?
.....
.....
.....
.....
.....

3-тапсырма. Өлеңді оқып, құлыншақтың қимыл, әрекетін білдіретін сөздерді тауып, астын сызайық.

Құлыншағым – құндызым,
 Жылтылдаған жұлдызым.
 Құлдырайды, шабады,
 Құстай қанат қағады.

4-тапсырма. Мәтіннен заттың қимыл, іс-әрекетін білдіретін сөздерді теріп жазайық.

Торғай

Омар атай бақшаны аралап жүрді. Түні бойы жаңбыр жауған. Ол ағаштың түбінде отырған торғайды көрді. Өзіне әбден жаңбыр өткен. Балапан атайға жасқана қарады. Қорқып кетті.

Атай торғайды үйіне әкелді. Терезе жақтауына отырғызды. Алдына жем әкеп қойды. Торғай жем жеді. Біраз күннен кейін қанатын жазып, ұшып кетті. (Н.Фабдуллин)

.....

.....

.....

.....

.....

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіңдік бағалау  

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл айкүн.....сағат



- Мәтінді түсініп оқимыз.
- Жұмбақты оқып, шешуін табамыз.
- Қатардағы артық сөзді тауып, астын сызамыз.
- Сөздерге тиісті сұрақтарды қоямыз.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын түсініп алайық.**Ақ тоқаш**

Түс кезі. Екі дос мектептен қайтты. Қызу әңгімелесіп, тым көңілді келеді. Екеуінің қолында ішінде шұжығы бар ақ тоқаш. Сөз арасында ұрттары бұлт-бұлт етіп, қаужалап қояды. Қажыкен нанның бір кішкене қалдығын қағазға орап, сөмкесіне салып қойды. Ал Болат өзі тойғаннан кейін тоқашының қалғанын бір кескен шұжығымен жолға қарай лақтырып жіберді. Оның үстіне тоқашты доп етіп теуіп, қуалай жөнелді. Нанды домалатып біраз жерге апарып тастады.

Қажыкен досын қуып жетіп, оған ұрысты. Ағыл-тегіл байлық, мыңдаған адамдардың еңбегі, маңдай тері – соны бағалай біліп, нанға ұқыпты қарау керек екендігін түсіндірді. Қателігін кеш түсінген досы басын төмен салып, артта ілбіп келе жатты. (М.Төрежанов)

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап берейік.

1. Мәтін не туралы?
2. Қажыкен Болатқа не үшін ренжіді?
3. Болат қандай қателік жіберді?
4. Мәтіннен қандай ой түйдің?

Қаужалау – шайнау, жеу.

3-тапсырма. Қатардағы артық сөзді тауып, астын сызайық. Ол сөз неге артық деп ойлайсың?

Мектеп, оқушы, ұшқыш, кітап, дәптер, бор.
Дүйсенбі, сейсенбі, дос, сәрсенбі, бейсенбі, жұма.
Оқыды, сызды, алды, биші, шомылды, ұйықтады.
Қой, сиыр, қасқыр, жылқы, түйе.

4-тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жазып, үлгіде көрсетілгендей сөздердің үстіне тиісті сұрақтарын жазайық.

Үлгі: **Не? қайтті? Кім? не? қайтті?**
Қар жауды. Асан сурет салды.


Күн суытты. Боран соқты. Мұз қатты. Жануарлар тоңды. Мұхтар аққала жасады. Мал шөп жеді. Айнаш кітап оқыды. Шешем сиыр сауды. Мысық мияулады.

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіңдік бағалау

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл айкүн.....сағат

 ➤ Мәтіннен заттың қимылын білдіретін сөздерді теріп жазамыз, бояймыз.

1-тапсырма. Мәтіннен заттың қимыл, іс-әрекетін білдіретін сөздерді теріп жазайық.

Ерік пен Серік – ағайынды балалар. Олар ауылда тұрады. Екеуі ауыл шетіндегі тоғайға барып ойнайды. Олар құстардың сайрағанын тыңдап, қызықтайды.



Бір жолы Серік шөп арасынан құстың жұмыртқасын көріп қалды. Оны тақиясына салып, үйіне әкелді. Әкесі оған:

– Балам-ау, бұл бозторғайдың жұмыртқасы ғой. Оны неге әкелдің? Бозторғай – пайдалы құс. Олар дән жемейді. Егінге түскен зиянды құрт-құмырсқаларды жейді, – деді. Балалар өз қателігін түсінді. Ертеңінде жұмыртқаны орнына апарып қойды.

Blank writing lines for the first task.

2-тапсырма. Тауықтың балапанына жетуіне көмектесіп, заттың қимыл, іс-әрекетін білдіретін сөздерді тауып, бояйық.

Тауыққа көмек

	әліпби	қысқа	секіреді	жазды	ашуланды
сызды	көтерді	сиыр	сөйледі	қатты	күледі
қызанақ	сыпырды	ойланды	оқыды	жасыл	еріді
сәбіз	ит	олар	сауысқан	әдемі	ойнады
дәптер	үлкен	оқыпты	ұшты	сырлады	биледі
пысық	менің	салады	тоғыз	жылдам	немере
кішкентай	ұшақ	ізdedі	жүгірді	кетті	

3-тапсырма. Жұмбақты оқып, шешуін табайық.

Жұмбақ

Дабылға тез жететін,
Жалынға сүңгіп кететін.
Қақалса да түтінге,
Тайсалмайтын батыл кім?
Жасқанбайтын батыр кім?


(.....)

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау  

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл айкүн.....сағат




- Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрап жазып, заттың қимыл, іс-әрекетін білдіретін сөздердің астын сызамыз.
- Сөзжұмбақты шешеміз.
- Сөйлемдерді толықтырып жазамыз.

1-тапсырма. Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрап жазып, заттың қимыл, іс-әрекетін білдіретін сөздердің астын сызайық.

1. Атам, тұрып, шашты, жем, ерте, тауықтарға.
2. Көрдім, тиін, орманнан, мен.
3. Әжей, пісірді, тамақ, дәмді.
4. Марат, суарды, еккен, ағаштарды.

2-тапсырма. Сөзжұмбақты шешейік.

1. Құйрығы айыр құс
2. Балды жақсы көретін аң
3. Оқу құралы
4. Қысы-жазы жасыл түстегі ағаш
5. Жаңбырдан кейін пайда болатын түрлі түсті доға.



3-тапсырма. Қажетті сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді толықтырып жазайық.

- | | |
|---------------------------|-----------------------|
| Мен асханадан тамақ | Ернар бассейнге |
| Айым таудың суретін | Қыздар би |
| Сен кітап ? | Балалар футбол |
| Тігінші шапан | Құстар ұя |

Қажетті сөздер: іштім, шомылды, ойнады, биледі, оқисың ба?, тікті, бояды, салды.

4-тапсырма. Жұмбақты оқып, шешуін табайық.

Жұмбақ

Алатаяқ ұстаған,
 Жол тәртібін нұсқаған.
 Өмірінді күзеткен,
 Ысқырығы күшті адам. (.....)

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіңдік бағалау



Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл айкүн.....сағат



- Тапсырмаларды мұқият оқып, дұрыс жауабын дөңгелектеп белгілейміз.
- Сөйлемді тиісті сөздермен толықтырамыз.
- Суретті пайдаланып, сөйлем құрап жазамыз.
- Қимыл, іс-әрекетті білдіретін сөздердің астын сызамыз.

1. Қимылды білдіретін сөзді көрсетейік.

- а. оқыды ә. гүл б. жасыл

2. Заттың қимыл, іс-әрекетін білдіретін сөздерге қойылатын сұрақтарды табайық.

- а. кім? не? ә. қандай? б. не істеді? не қылды?

3. Буынға дұрыс бөлінген сөзді белгілейік.

- а. құм-ырс-қа ә. құ-мыр-сқа б. құ-мырс-қа

4. Не істеді? сұрағына жауап беретін сөзді табайық.

- а. бұршақ ә. әңгімеледі б. ақылды

5. Берілген сөйлемді тиісті сөздермен толықтырайық.

1. Көктемде жаңбыр көп
2. Күзде жапырақтар
3. Қыста боран

6. Сурет бойынша сөйлем құрап жазайық.



Handwriting practice lines consisting of horizontal blue lines and vertical blue lines forming a grid.

7. Мәтіннен заттың қимылын білдіретін сөздерді тауып, астын сызайық.

Ерлан ойнауға аулаға шықты. Ол келе жатып, өзінің досы Еламанның жығылып қалғанын көрді. Сол мезетте досына көмектесуге жүгірді.

8. Берілген сөздерді кестеге сәйкестіріп жазайық.

Көгершін, жасыл, жинады, айтты, алыс, сөйлесті, үйрек, байлады, жетпіс, бала, секірді, сиыр, тыңдады, отыз, әдемі, күлді.

Заттың атын білдіретін сөздер	Заттың қимыл, іс-әрекетін білдіретін сөздер
.....
.....

Тапсырмалар	1	2	3	4	5	6	7
Жауаптар							

Тараулық бағалаудың жол картасы



Өзіндік бағалау 🤗👍 🤔👎

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күн ..сағат



➤ Қандай? Қай? деген сұрақтарға жауап беретін сөздер заттың сынын, сапасын білдіреді.

Мысалы: жасыл, әдемі, таза, үлкен, тәтті, аласа, жүйрік, жаңа, шыншыл.

1-тапсырма. Өлеңді дұрыс, түсініп оқиық. Жаттап алайық.

Күз келді

Келді, міне, күз,
Айнала – сары түс.
Керемет, тамаша,
Қандай әсем күз!

Жеміс-жидек пісті,
Қамбаға астық түсті.
Қызу жұмыс басталып,
Жинап алды жан салып.

Көктен көзін бір алмай,
Қызғылт тартты кәрі күз.
Жер қызығын қия алмай,
Маужырап тұр сары күз.



2-тапсырма. Сәйкес сөздерді табайық.

Қалың	аю
Жүйрік	баяу
Қоңыр	айран
Қызыл	ат
Тәтті	алма
Қою	киім

3-тапсырма. Ребусты шешіп, жауабын қатыстырып, сөйлем құрап жазайық.



Blank handwriting lines for the rebus puzzle.

4-тапсырма. Сөйлемдерді оқиық. Қандай? Қай? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді теріп жазайық.

1. Алпамыс – жомарт бала.
2. Керік – бойы ұзын жануар.
3. Қорқақ қоян ытқи жөнелді.
4. Айдар аға асау тайды үйретіп жүр.
5. Тауешкі биік шың басында тұр.
6. Есік алдындағы қалың ағаш бөлмеге күн сәулесін түсірмеді.
7. Жәмила бауырына қызықты ертегі оқып берді.


Blank handwriting lines for the 4th task.

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күн ..сағат



- Берілген сөздерді заттың атын білдіретін сөздермен байланыстырып жазамыз.
- Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрастырамыз.
- Ұйқасын табамыз. Тапсырмалардың дұрысын белгілейміз.

1-тапсырма. Үлгі бойынша заттың сынын, сапасын білдіретін сөздерді заттың атын білдіретін сөздермен байланыстырып жазайық.

Үлгі: жуас ат, үлкен ағаш, көк тақия.

Жуас, таза, биік, сұйық, жүйрік, ұзын, жасыл, ақылды, әдемі.

2-тапсырма. Сөйлем құрастырып жазайық.

1. Мол, болады, жеміс-жидектер, күзде.
2. Сарғая, жапырақтар, ағаштың, бастайды.
3. Егінді, орады, комбайнмен.
4. Қазан, салқындайды, айында, күн.



3-тапсырма. Ұйқасын табайық.

Сылдыр ...
Таудан ...
Жатыр ...
Мөлдір ...

құлап

қағып

ағып

бұлақ

4-тапсырма. Күз айларын табайық.

- а) желтоқсан, қаңтар, ақпан.
- ә) қыркүйек, қазан, қараша.
- б) наурыз, сәуір, мамыр.

5-тапсырма. Күзден кейін келетін жыл мезгілін көрсетейік.


- | | | | |
|---------|--------|--------|--------|
| 1. апта | 2. қыс | 3. жаз | 4. күз |
|---------|--------|--------|--------|

6-тапсырма. Буынға дұрыс бөлінген сөзді табайық.

- | | | |
|-----------|-------------|---------------|
| 1. қаз-ан | 2. қа-ра-ша | 3. қыр-күй-ек |
|-----------|-------------|---------------|

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау



Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күн ..сағат



- Мәтінді дұрыс, түсініп оқимыз.
- Сұрақтарға жауап жазамыз.
- Жұмбақтарды оқып, шешуін табамыз.
- Өлеңді оқып, жылдың қай мезгіліне байланысты айтылғанын анықтаймыз.

1-тапсырма. Мәтінді дұрыс, түсініп оқиық.

Қыс айлары

Қыс айлары – желтоқсан, қаңтар, ақпан. Желтоқсан – қыстың басы. Қыста күн қысқарып, түн ұзарады. Күн көзінің қызуы азаяды. Қар жауады, қатты аяз болады. Жер көрінбейді, аппақ ұлпа қар басады.

Қаңтар – жыл басы. Қаңтарда қар әбден бекиді. Ақпан – қыстың соңғы айы. Ақпанда қарлы боран, солқылдаған сары аяз қосарлана келеді.

(«Жыл он екі ай» кітабынан)

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап жазайық.

1. Қыс айлары қай айлар?
2. Қыста ауа райы қандай болады?
3. Ақпан айында қыс қандай болады?
4. Қыс мезгілінде қандай ойындар ойнайсың?

3-тапсырма. Жұмбақтарды оқып, шешуін табайық.

1. Қыста ғана болады,
Ұстасаң қолың тоңады. (.....)
2. Қолы жоқ, сурет салады,
Тісі жоқ, тістеп алады. (.....)
3. Көлдің беті көк әйнек,
Сырғанауға тым әйбат! (.....)

4-тапсырма. Өлең жылдың қай мезгіліне байланысты айтылғанын табайық.

Шанамен зырлап желетін,
Шаңғы, коньки тебетін,
Аққала жасап ойнайтын,
Қай мезгіл деп ойлайсың?

1. көктем

2. жаз

3. күз

4. қыс

Аяқтаған: жыл ай ... күн....сағат


Өзіңдік бағалау





Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күн ..сағат



- Мәтінді дұрыс, түсініп оқимыз.
- Мақалды жазып, «қандай?» деген сұраққа жауап беретін сөздердің астын сызамыз.
- Заттың сынын, сапасын білдіретін сөздерді заттың атын білдіретін сөздермен тіркеп жазамыз.


1-тапсырма. Мәтінді дұрыс, түсініп оқиық.

Қыста


Қыс айларында жануарларға тамақ тауып жеу оңай емес. Құстар жылы жаққа кетеді. Сауысқандар, алақарғалар және торғайлар қалады. Табиғаттың сұрапыл жағдайынан сақтану үшін арқар, елік, қарақұйрық, киік және марал сияқты аңдардың жүні күзден бастап ұзарып, қалыңдайды. Кейбір аңдардың терісінің астында май қабаты сақталады. Бұл оның бойындағы жылулықты сақтап, қыста тоңдырмайды.

(С.Мақмұтов)


2-тапсырма. Мақалды көркем жазып, «қандай?» деген сұраққа жауап беретін сөздердің астын сызайық.



3-тапсырма. Заттың сынын, сапасын білдіретін сөздерді заттың атын білдіретін сөздермен тіркестіріп жазайық.



4-тапсырма. Заттың атын білдіретін сөздерді заттың сынын, сапасын білдіретін сөздермен тіркестіріп жазайық.




Аяқтаған: жыл ай ... күн....сағат

Өзіндік бағалау  

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күн ..сағат



- Өлеңді оқып, жаттаймыз.
- Сөзжұмбақты шешеміз.
- Заттың сынын білдіретін сөздер бойынша сөз тіркесін жасаймыз.

1-тапсырма. Өлеңді дұрыс, түсініп оқиық. Жаттап алайық.

Көктем айлары



Сәуір

Сәуір келіп жетті енді,
Дала гүл-гүл жайнады.
Жырға қосып көктемді,
Әнші құстар сайрады.

Наурыз

Наурыз келді шуақты,
Шаттанбаған бар ма алап?
Жылғалармен су ақты.
Бүрін жарды тал, ағаш.


Мамыр

Мамыр келді ән-думан,
Көлде аққу қалқыды.
Орақ түскен шалғыннан,
Жұпар иісі аңқыды.
(С.Қалиев)

2-тапсырма. Сөзжұмбақты шешейік.

Сөзжұмбақ

1. Көру мүшесі.
2. Малдың азығы.
3. Наурыз мерекесіне арнап пісіретін тамақ.
4. Бір жылда неше мезгіл бар?
5. Егін егетін адам.
6. Көктемнің соңғы айы.



3-тапсырма. Заттың сынын білдіретін сөздерді суретпен сәйкестіріп, сөз тіркесін жасайық.



сүйкімді

биік

темір



әдемі



жүйрік

тәтті




ащы

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіңдік бағалау  

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн ..сағат




- Мәтінді түсініп оқимыз.
- Мәтіндегі құстар мен өзіміз білетін жыл құстарының атын жазамыз.
- Заттың сынын, сапасын білдіретін сөздерді үлгі бойынша мағынасына қарай топтап жазамыз.

1-тапсырма. Мәтінді дұрыс, түсініп оқиық. Мәтінге ат қояйық.

Көктемде жылы жақтан жыл құстары ұшып келеді. Жыл құстарының алғашқысы болып ұзақ келеді. Оларды халық «көктем хабаршысы» деп атайды. Содан кейін бозторғай, қарлығаш, қараторғайлар келеді. Қараторғайлар келісімен, күннің көзі ашылып, жер беті жылынады. Қар еріп, жылғалардан су ағады. Ең соңынан су құстары ұшып келеді. Жыл құстары жол бойы талай қиындықтардан өтіп, топ-тобымен туған жерлеріне оралады. Ұя салып, балапан өргізеді. Адамдар жыл құстарын қуана қарсы алады. *(Ғаламтордан)*

2-тапсырма. Мәтіндегі құстардың атын жазайық.



3-тапсырма. Өзіміз білетін жыл құстарының атын жазайық.



4-тапсырма. Үлгі бойынша заттың сынын, сапасын білдіретін сөздерді мағынасына қарай топтап жазайық.



Түсі	Дәмі	Көлемі	Пішіні
Қызыл	дәмді	кіші	дөңгелек
.....
.....
.....

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіңдік бағалау 🍌 🤔

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күн ..сағат



- Сурет бойынша сөйлем құрап жазамыз.
- Көктем айларын табамыз.
- Жаңылтпаштарды жаттап аламыз.

1-тапсырма. Суреттерден көктемнің қандай белгілерін байқадың? Табиғатта қандай өзгерістер болады? Сурет бойынша сөйлем құрап жазайық.



Blank writing lines for the first task.

2-тапсырма. Көктем айларын тауып, суретке сызықпен қосайық.

Ақпан

Шілде

Наурыз

Тамыз

Қаңтар

Қазан

Сәуір

Мамыр

Маусым


Қараша

3-тапсырма. Жаңылтпаштарды жаттап алайық.

1. Тоғай торғайды ұнатады,
Торғай тоғайды ұнатады.
2. Омартаға балалар барар,
Балаларды аралар талар.


Омарта - бал арасын өсіретін шаруашылық.

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат Өзіндік бағалау



Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күн ..сағат



- Жаз мезгілін сипаттайтын сөздерді жасылмен бояймыз.
- Сұрақтардың орнына тиісті сөздерді қойып, көшіріп жазамыз.
- Берілген сөздерге қарсы мағыналы сөз жазамыз.
- Жұмбақты шешеміз.

1-тапсырма. Жаз мезгілін сипаттайтын сөздерді жасылмен бояйық.

Құстар ұя салады.		Балалар суға шомылды.
Жапырақтар сарғаяды.		Жеміс-жидектер піседі.
Маусым, шілде, тамыз.		Көкөністерді жинап алады.
Күн ыстық болады.		Күн ұзақ, түн қысқа.

2-тапсырма. Сұрақтардың орнына тиісті сөздерді қойып, көшіріп жазайық.

Әселдің (қандай?) көйлегі бар. Мен (қандай?) кітап оқыдым. (Қай?) сиыр сүтті. Ауылда (қандай?) үйлер көбейді. Ағаштардың (қандай?) жапырақтары сарғайып, түсіп жатыр. Ол (қандай?) бояумен сурет салды.

Blank writing area with horizontal and diagonal lines for copying and pasting answers.

3-тапсырма. Берілген сөздерге мағынасы қарама-қарсы сөз жазайық.

- | | |
|-----------------|---------------|
| таза – _____ | биік – _____ |
| тар – _____ | ұзын – _____ |
| қымбат – _____ | ыстық – _____ |
| таяз – _____ | жақсы – _____ |
| кішкене – _____ | ащы – _____ |

4-тапсырма. Бас әріппен жазылатын сөздерді белгілейік.

1. жануарлар, жәндіктер
2. адамның аты-жөні, жер-су аты, жануарға қойылатын аттар
3. өсімдіктің аты

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау  

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл айкүн.....сағат



- Тапсырмаларды мұқият оқып, дұрыс жауабын белгілейміз.
- Сөздерге қандай сұрақ қойылатынын сәйкестіреміз.

1. Сөздерді сұрақтарымен сәйкестірейік.

Ақылды	Кімдер?
Сиыр	Қандай?
Ұшқыш	Не?
Ашуланды	Не істеді?
Жазды	Кім?
Достар	Қайтті?

2. Заттың сынын білдіретін сөздерге қойылатын сұрақтарды табайық.

- | | |
|---------------------------------|----------------------------|
| а. Не істеді? Не қылды? Қайтті? | ә. Қандай? Қай? |
| б. Қанша? Неше? Нешінші? | в. Кім? Кімдер? Не? Нелер? |

3. Заттың сынын білдіретін сөздер тобын белгілейік.

- | | | |
|-----------------|-------------------|----------------|
| а. дәптер, бала | ә. ойнады, күледі | б. әдемі, сұлу |
|-----------------|-------------------|----------------|

4. Жаз айларын табайық.

- | | |
|------------------------------|-----------------------------|
| а. желтоқсан, қаңтар, ақпан. | ә. қыркүйек, қазан, қараша. |
| б. наурыз, сәуір, мамыр. | в. маусым, шілде, тамыз. |

5. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді жазып, өлеңді оқиық.

Маусым келді, келді,
 Қандай сұлу айнала!
 Демаламыз енді біз,
 Ойнап, шомыла.

6. Заттың сынын білдіретін сөздерді теріп жазып, сұрақ қояйық.

1. Сәуле қызыл көйлек киді. 2. Балалар қызықты әңгімені ұйып тыңдады.
 3. Оқушылар жақсы жұмыс істеді. 4. Құстар қалың тоғайды мекен етеді. 5. Анам дәмді тамақ жасады. 6. Әсем саяхатқа барғанда, биік тауларды көрді.

Blank writing lines for exercise 6.

7. Қатардағы артық сөзді тауып, астын сызайық. Оларды қатыстырып, сөйлем құрап жазайық.

1. Жылқы, тай, құлын, ат, асау.
2. Дәмді, көже, тәтті, көңілді, әдемі.
3. Ойнады, шегеледі, тойлады, көрікті, сызды.

Blank writing lines for exercise 7.


Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау



Қанша? Неше? Нешінші? деген сұрақтарға жауап беретін сөздер

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн ..сағат



➤ Қанша? Неше? Нешінші? деген сұрақтарға жауап беретін сөздер заттың санын білдіреді.
Мысалы: жиырма, елу төрт, жетінші, он екінші.

1-тапсырма. Мәтінді дұрыс, түсініп оқиық.

Дұрысы қайсысы?

Бірде Алма үйге қатты қуанып келді.
 – Сонша неге қуандың? – деді анасы Алмаға.
 – Ой, анашым, атамның үйінің аты бұзаулапты. Енді апам үйіне барып, айран ішіп тұрамын. Оған анасы мырс етіп күліп жіберді.
 – Ақымағым-ау, ат бұзаулай ма екен?
 – Енді қалай? – деп таңданды Алма.
 – Ат емес, бие құлындайды. Ал биенің сүтінен қымыз ашытылады. Бұзаулайтын – сиыр. Оның сүтінен айран ұйытады, май, қаймақ алады. Түйе боталайды. Түйенің сүтінен шұбат ашытады.
 – Қой мен ешкі ше? – деді Алма.
 – Қой қоздайды, ешкі лақтайды. Қой мен ешкінің сүтінен де айран ұйытуға, құрт, ірімшік жасауға болады.
 – Анашым, мен осының бәрін үйреніп алған соң, басқа балаларға айтып беремін, – деді Алма. *(Р.Шотбаева)*

2-тапсырма. Сандарды сөзбен жазып, шыққан сөздің мағынасын түсіндірейік.

К+3+ік	жел+90	6+бақан	5+ік
--------	--------	---------	------



3-тапсырма. Көп нүктенің орнына заттың санын білдіретін сөздерді қойып, астын сызайық.

Керекті сөздер: отыз, үшінші, жетінші, төрт, он екі, жиырма төрт, бірінші.


1. Бір жылда ай, мезгіл бар.
2. Қаңтар – жылдың айы.
3. Бір тәулікте сағат бар.
5. Аптаның күні – сәрсенбі, күні – жексенбі.
6. Бір айда күн бар.

4-тапсырма. Сәйкестірейік.

Түйе	құлындайды.
Сиыр	лақтайды.
Қой	боталайды.
Ешкі	бұзаулайды.
Жылқы	қоздайды.

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат  

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн ..сағат



- Сөйлемдерді оқып, заттың санын білдіретін сөздерді теріп жазамыз.
- Лақты бояп, сипаттап жазамыз.
- Жұмбақтың шешуін табамыз.
- Көп нүктенің орнына заттың санын білдіретін сөздерді қойып, мақалды толықтырып жазамыз.

1-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, заттың санын білдіретін сөздерді теріп жазайық.

Мен қаладан алпыс шақырым жерде тұрамын. Біздің үй екінші көшеде орналасқан. Анам таңертең жұмысқа алтыда тұрып кетеді. Мен сабаққа сегізде барамын. Бүгін бізде бес сағат сабақ болады.

Blank handwriting lines for the first task.

2-тапсырма. Лақты бояп, сипаттап жазайық.

Қандай?



Сүйкімді

3-тапсырма. Жұмбақтың шешуін табайық.

Жұмбақ

Тастан-тасқа секіреді,
 Қалқиып қос құлағы.
 Ойын болып көкірегі,
 Аула – оның тұрағы. (.....)


4-тапсырма. Көп нүктенің орнына заттың санын білдіретін сөздерді қойып, мақалды толықтырып жазайық.

Мақал

Батыр рет өледі.
 Қорқақ рет өледі.

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат Өзіндік бағалау 🤔 🤔

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күнсағат

 ➤ Суретті пайдаланып, бес түлік иелерін (пірлерін) жазамыз.
➤ Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жазамыз.
➤ Заттың санын білдіретін сөздерді кірістіріп, сөйлем құрап жазамыз.

1-тапсырма. Суретке қарап, бес түлік иелерін (пірлерін) жазайық.



Handwriting practice lines for the first task, consisting of a grid of blue lines.

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жазайық.

Неше?
Екі қала
Үш орындық
Бес қабат
Жеті сынып

Нешінші?
екінші қала
..... орындық
..... қабат
..... сынып

3-тапсырма. Заттың санын білдіретін сөздерді кірістіріп, сөйлем құрап жазайық.

Елу, жүз-жүзден, бірінші, қырықтай, сексенге жақын, он екі жарым, екінші, алтау, отызға жуық, төрт.


Handwriting practice lines for the third task, consisting of a grid of blue lines.

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіңдік бағалау  

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күн ..сағат



- Өлеңді түсініп оқимыз.
- Сұраққа сәйкес сөзді табамыз.
- Жұмбақты көркем жазып, жаттаймыз.
- Ұйқасын тауып жазамыз.

1-тапсырма. Өлеңді түсініп оқиық. Сұраққа жауап берейік.

Қанша сәбіз еді?

Біздің үйде көжек көп,
Іштерінде өжет көп.
Әсіресе, бес көжек –
Маған нағыз дос көжек.


Бес көжекке достасқан,
Сәбіз бердім қос-қостан.
Бір сәбізім соңында,
Қалып қойды қолымда.
Сәбізімді әуелгі,
Санап берші, ал енді. (С.Қалиев)



2-тапсырма. Сұрақтарды сөздермен сәйкестірейік.

- | | |
|-------------|------------------|
| 1. Неше? | жиырма сегіз |
| 2. Нешінші? | екеу, жетеу |
| 3. Нешеу ? | бесінші, алтыншы |
| 4. Қанша? | тоғыз, сегіз |

3-тапсырма. Жұмбақты оқып, көркем жазайық. Жаттайық.



4-тапсырма. Ұйқасын тауып жазайық.

Тікенді шөп тістеген,
Ұзақ күн су ішпеген.
Таудай биік жоталы
Кім біледі

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау  

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күн ..сағат



- Сурет бойынша шағын әңгіме жазамыз. Әңгімемізді басқаларға оқып береміз.
- Мақалды оқып, жаттаймыз.
- Өріптер мен цифрларды пайдалана отырып, сөздер құрастырамыз.

1-тапсырма. Тірек сөздерге сүйеніп, сурет бойынша шағын әңгіме құрастырып жазайық.



Тірек сөздер:

Мезгіл, лақ, орман, жақсы, қозы, құлын, торғай, кішкентай, қамқорлық, достар, бұзау, көрді, таңырқай, қарады, өте сүйкімді, балалар.

Handwriting practice lines consisting of horizontal blue lines and diagonal blue lines forming a grid.

2-тапсырма. Мақалды оқып, жаттап алайық. Нешеу? деген сұраққа жауап беретін сөздердің астын сызайық.

Мақал

Төртеу түгел болса, төбедегі келеді,
Алтау ала болса, ауыздағы кетеді.

3-тапсырма. Өріптер мен цифрларды пайдалана отырып, сөздер жасайық.

1.	2.	3.	4.	5.	6.	7.	8.	9.
а	у	қ	т	с	р	ы	л	д

315376 _____ 4275416 _____
 41273 _____ 412816 _____
 91278 _____ 18412 _____

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіңдік бағалау 🤗 🤔

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн сағат

➤ Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаймыз.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындайық.

Бір күні үй жануарлары дауласа бастайды.

– Мен ең пайдалы жануармын, – дейді жылқы. – Мен адамға ет, қымыз беремін.

Адамдар мені көлік етеді.

– Адам менің сүтімнен құрт, май жасайды. Жүнімнен киім тігеді, – дейді қой.

– Мен адамға шұбат беремін. Мен ең шыдамды және пайдалы жануармын, – дейді түйе.

Дауға басқа жануарлар да араласады.

2-тапсырма. Мәтін не туралы?

- а) жануарлардың достығы туралы
- ә) жануарлардың дауласуы туралы
- б) жануарлардың қоректенуі туралы
- в) жануарлардың төлдері туралы

3-тапсырма. Қойдан алынатын өнімдерді жазайық.

4-тапсырма. Мәтіннен жылқының айтқан сөзін теріп жазайық.

дұрыс бұрыс

Адам қойды көлік ретінде пайдаланады.

Түйенің сүтінен шұбат жасалады.

5-тапсырма. Дұрыс және бұрыс сөйлемдерді анықтайық. Белгілейік (✓).

6-тапсырма. Сәйкестіріп сызайық.



шұбат



қымыз



айран

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат


Өзіңдік бағалау 🤔 🤔

Оқушының аты-жөні: Бастаған: жыл ай күн ..сағат



- Неше? Қанша? деген сұрақтардың орнына заттардың санын білдіретін сөздер жазамыз.
- Сурет арқылы өлеңнің ұйқасын тауып жазайық.
- Тыйым сөздерді оқып, мағынасын біліп аламыз.

1-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, неше? қанша? деген сұрақтардың орнына заттардың санын білдіретін сөз жазайық.



(Неше?) бала орманға барды. Балалар (қанша?) құс көрді. Ағашта (неше?) тоқылдақ отыр. Балалардың жанында (неше?) ит жүр.

Blank writing lines for the first exercise.


2-тапсырма. Өлеңнің ұйқасын табайық.

Жайқалады қыраттар,
 Өн салады бұлақтар.
 Жағасында тұманың,
 Ойнақтайды _____.
 Дүбірлетіп даланы, _____ шабады.



Тұма – өзен аңғары, жыра, сай беткейлерінен шығатын кішірек бастау.

3-тапсырма. Жасырын сөйлемді оқып, жазайық.



Blank writing lines for the third exercise.

4-тапсырма. Тыйым сөздерді оқып, түсінейік.


Тыйым сөздер

1. Малды теппе, ақты төкпе.
2. Малға теріс қарап мінбе.

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау 😊 🤔

Оқушының аты-жөні:



- Тапсырмаларды мұқият оқып, дұрыс жауабын белгілейміз.
- Шығармашылық тапсырмаларды толықтырып орындаймыз.

1. Заттың санын білдіретін сөзді белгілейік.
 - а. қойшы ә. берші б. жеті в. өзімшіл
2. Төрт буынды сөзді табайық.
 - а. дәрігерлер ә. жұмысшылар б. көршілер в. бұзаулар
3. Заттың санын білдіретін сөздерге қойылатын сұрақтарды табайық.
 - а. Не істеді? Не қылды? Қайтті? ә. Қандай? Қай?
 - б. Қанша? Неше? Нешінші? в. Кім? Не?
4. Заттың санын білдіретін сөздері бар мақал-мәтелді табайық.
 - а. Туған жерге туың тік.
 - ә. Жеті рет өлшеп, бір рет кес.
 - б. Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.
 - в. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.
5. Малдан алынатын өнімдерді толықтырып жазайық.

Қойдың жүнінен жасалатын заттар:

Түйе сүтінен жасалатын тағамдар:

Сыырдың сүтінен жасалатын тағамдар:

6. Сөйлемдерді оқып, «нешінші?» деген сұраққа жауап беретін сөздердің астын сызайық.

Біз екінші сыныпта оқимыз. Айжан бесінші партада отырады. Дүйсенбі – аптаның бірінші күні. Мұғалім төртінші сынып оқушыларын хайуанаттар бағына апарды.
7. Мәтінді оқып, кестеге сәйкес келетін сөздерді жазайық.

Өрісте

Өрісте көп мал жайылып жүр. Далада шөп мол. Шөпті жерде ешкі, қой семіреді. Мал күйлі болса, қыстан жақсы шығады.

Не?	Қанша?	Қандай?	Қайтеді? Қайтті?
.....
.....
.....
.....

8. Сәйкестіріп сызайық.

	қаңқылдайды мөңірейді боздайды маңырайды үреді кісінейді шақырады мияулайды	
		
		
		

Тапсырмалар	1	2	3	4	5	6	7
Жауаптар							

Тараулық бағалаудың жол картасы



Өзіндік бағалау 😊 🤔

Сөйлем

Оқушының аты-жөні:

Бастаған:жыл айкүн.....сағат



➤ Сөйлем сөздерден құралады. Сөйлемдегі сөздер бір-бірінен бөлек жазылады.

Мысалы: Балалар серуенге шықты. Адамға таза ауа өте қажет.

1-тапсырма. Өлеңді түсініп оқып, жаттап алайық.

Табиғатты қорғайық

Жақсылықты қолдаймыз,
Табиғатты қорғаймыз.
Гүл егеміз бақтарға,
Айналасын қоршаймыз.

Табиғат – біздің анамыз,
Жер-Ана – біздің панамыз.
Таза болса табиғат,
Біз де аман боламыз.

Бұтақтарды сындырмай,
Тазалықты сақтайық.
Гүл өсіріп, су құйып,
Табиғатты қорғайық.

2-тапсырма. Адасқан әріптерді орнына қойып, сөз жасайық.

ыжасл - _____ тынал - _____

лекі- _____ арқға - _____

олқ - _____ кенлү - _____

ензе - _____ қылба - _____

3-тапсырма. Сөздерден сөйлем құрап жазайық.



Blank writing lines for the word puzzle activity.

4-тапсырма. Мақалды оқып, заттың сынын білдіретін сөздің астын сызайық. Жаттап алайық.

Мақал

Жақсы сөз жан семіртеді.


Жақсы сөз – жарым ырыс.

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау

Оқушының аты-жөні:

Бастаған:жыл айкүн.....сағат



➤ Сөйлем – аяқталған, тиянақты ойды білдіретін сөздер тобы.
Мысалы: Қар ереді. Мен ертегі кітап оқығанды ұнатамын. Күн күркіреді.

1-тапсырма. Мәтінді дұрыс, түсініп оқиық. Мәтінде неше сөйлем барын анықтайық.

Табиғат

Табиғат – бәріміздің ортақ мекеніміз. Мұнда адамдар, өсімдіктер, жануарлар өмір сүреді. Табиғат бізге таза ауа, жарық, жылу, мөлдір су, құнарлы жер сыйлайды. Сондықтан табиғатқа ізгі ниетпен қараған дұрыс. Табиғаттың байлығын ысырап етпей, оны үнемдеп, аялауымыз керек.

Мәтінде сөйлем бар.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап жазайық.

1. Табиғат бізге не сыйлайды?
2. Табиғатты қорғау дегенді қалай түсінесің?

/ / / / /

/ / / / /

/ / / / /

/ / / / /

/ / / / /

3-тапсырма. Берілген сөздердің ішінен табиғатқа қатысты сөздерді тауып, бояйық.

үй

аяз

жаңбыр

күшік

боран

ине

бұлт

дөптер

тау

қар

орман

4-тапсырма. Жоғарыдағы табиғатқа қатысты сөздерді мына сөздермен сәйкестіріп, сөз тіркесін жасайық.

- | | | |
|---------|---|-------|
| Ұлпа | → | |
| Ну | → | |
| Қарлы | → | |
| Нөсер | → | |
| Қою | → | |
| Үскірік | → | |

5-тапсырма. Өзімізге ұнаған сөз тіркесін қатыстырып, сөйлем құрап жазайық.

/ / / / /

/ / / / /

/ / / / /

/ / / / /


/ / / / /

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау  

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл айкүн.....сағат



- Сөйлемнің бірінші сөзі бас әріппен басталып жазылады.
- Сөйлемнің соңына **нүкте (.)**, **сұрақ** белгісі (**?**), **леп** белгісі (**!**) қойылады.

1-тапсырма. Өлеңді оқып, жаттап алайық.

Торғай ағаш қорғайды

Шыр-шыр еткен торғайды,
Қорғамасаң, болмайды.
Кіп-кішкене торғайлар,
Ағаштарды қорғайды.

Таспен атып торғайды,
Ұя бұзған оңбайды.
Құс өкпелеп кетеді,
Бақшамызға қонбайды.
(М.Әлімбаев)

2-тапсырма. Сөйлемдердің аражігін ажыратып, соңына тиісті тыныс белгісін қойып жазайық.

Бұлбұл – кішкентай құс ол таңертең ағашқа қонып алып сайрайды бұлбұлдың үні құлаққа өте жағымды сен бұлбұлдың сайрағанын естідің бе қандай тамаша дауыс



Blank writing area with horizontal and diagonal lines for handwriting practice.

3-тапсырма. Суретке сәйкес келетін сөйлем құрап, тыныс белгілерін қояйық.



Алмас	етікші	ағайға	аулады ма()
Дина	кесеге	балық	шертті()
Жамал	өзеннен	күй	құйды ма()
Жандос	керемет	қымыз	көмектесті ма()

4-тапсырма. Мақалдарды жаттайық.

1. Жауынмен жер көгереді,
Батамен ел көгереді.


2. Су анасы – бұлақ,
Сөз анасы – құлақ.

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау  

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл айкүн.....сағат

 ➤ Сурет бойынша әңгіме құрастырып жазамыз.
 ➤ Қарамен жазылған сөздерге дауыс екпінін түсіріп, сөйлемдерді көтеріңкі дауыспен оқимыз.
 ➤ Сөздерді сұрақтармен сәйкестіреміз.

1-тапсырма. Суреттерге мұқият қарайық. Сурет бойынша әңгіме құрастырып жазайық. Тыныс белгілерін қояйық.



Handwriting practice grid with slanted lines for writing.

2-тапсырма. Қарамен жазылған сөздерге дауыс екпінін түсіріп, сөйлемдерді көтеріңкі дауыспен оқиық.

1. Көктем **қандай** тамаша!
2. **Алақай**, әжем келе жатыр!
3. **Отанымның даңқы арта берсін!**
4. Мектеп ауласына егілген гүлдердің **әдемісін-ай!**

3-тапсырма. Ребусты шешіп, жауабын қатыстырып, сөйлем құрап жазайық.




Handwriting practice lines for the rebus puzzle.

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау  

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл айкүн.....сағат



- Сурет юйынша шағын әңгіме жазамыз.
- Сандардың орнына әріптерді қойып, білім туралы нақыл сөзді табамыз.
- Жұмбақты көркем жазып, шешуін табамыз.

1-тапсырма. Бала қандай қателік жасады? Суретке қарап, шағын әңгіме жазайық.




Blank grid for writing the answer to the first task.

2-тапсырма. Кітап беттерінде сандар мен әріптер берілген. Сандардың орнына әріптерді қойып, білім туралы нақыл сөзді табыық.
Мысалы:



Ойлан, тап




3-тапсырма. Жұмбақты көркем жазып, шешуін табыық.

Жұмбақ

Тыңысыңыңда тыңысы бар,
 Үстінде сұр жейдесі бар,
 Жейдесінде инесі бар.
 Жұмбақтың шешуі:


Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау



Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл айкүн.....сағат



- Тапсырмаларды мұқият оқып, дұрыс жауабын белгілейміз.
- Сызбаға сәйкес сөйлем құрастырып жазамыз.

1. Сөз неден құралады?

- а. сөйлемнен
- ә. сөзден
- б. дыбыстардан

2. Дұрыс жазылған сөзді табайық.

- а. жүлдүз
- ә. жылдүз
- б. жұлдыз

3. Сөйлем неден құралады?

- а. дыбыстардан
- ә. сөзден
- б. сөйлемнен

4. Сөйлемде неше сөз бар екенін анықтайық.

Қалың ағаштың арасынан түлкі шыға келді.

- а. 5
- ә. 4
- б. 3
- в. 6
- г. 8

5. Дұрыс жазылған сөйлемді тап.

- а. Қыс мезгілі келді.
- ә. Келді мезгіл қыс.
- б. Қыс келді мезгіл.

6. Адасқан сөздерден сөйлем құрап, сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қояйық.

- 1. Мысық, дыбыстайды, қалай.
- 2. Айдос, барды, ауылға.
- 3. құстар, Алақай, келді, ұшып.

Handwriting practice lines consisting of multiple horizontal and slanted lines.

7. Сурет бойынша сызбаға сәйкес сөйлем құрастырайық.



Blank lines for writing sentences corresponding to the images.

8. Сөйлемдерді тыныс белгісіне сәйкестіріп сызайық.

Еркін неліктен жылады
 Құлағы тістеуікпен қысқандай тызылдап ауырды
 Балам, тымағыңды ки

!
.
?

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат


Өзіндік бағалау

😊 🤔

Жыл бойы өткенді қайталау

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл ай күн ..сағат

 ➤ Сурет бойынша әңгіме құрап жазамыз.
 ➤ Жұмбақтың шешуін табамыз.
 ➤ Заттың сынын білдіретін сөзді табамыз.

1-тапсырма. Сурет бойынша «Төрт мезгіл» тақырыбына әңгіме құрап жазайық.



Blank writing area with a grid of blue lines for writing the answer to the first task.

2-тапсырма. Жұмбақтың шешуін табайық.

Жұмбақ

Көзі жасты – жылауық,
Келе жатыр бір алып.
Жабырқаса жылайды,
Жадыраса тарайды. (.....)

3-тапсырма. Заттың сынын білдіретін сөз қайсы?

- а. сызғыш
- ә. ойна
- б. үлкен
- в. табиғат

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау  

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл айкүн.....сағат

➤ Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаймыз.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындайық.

Сауысқан

Тыным таппай сүйреңдеп, көп сөйлей бергендіктен, сауысқанның тілі аузына сыймай, ісіп кетіпті. Ақыры, ас-су ішуден қалыпты. Енді қайту керек? Сауысқан ешбір амал таба алмапты. Сонан соң тырнаға жалыныпты.

– Тырна, тілімді емдеп бере гөр! Шөптен дәрі жасайды екенсің. Тілімді емдеп берші, – дейді.

– Саған шипа боларлықтай шөбім жоқ! Көмектесе алмаймын, – дейді тырна.

Сауысқан кездескен құстардың бәрінен көмек сұрапты. Торғай да, басқалар да көмектесе алмағандықтан, сауысқан мүлдем сөйлей алмай қалыпты.


Қиналған сауысқан енді тоқылдаққа келіпті. Оның тілін көргеннен кейін:

– Саған ешкім көмектесе алмайды. Тіліңе ие болсаң, өзіңді-өзің емдей аласың, – депті тоқылдақ. Сауысқан ештеңе түсінбей қалыпты. Содан бері ол мағынасыз шықылықтай береді екен.

2-тапсырма. Сауысқанның тілі неліктен ісіп кетті?

Blank handwriting lines for the second task.

3-тапсырма. Сауысқанға қай құс кеңес берді? Белгіле (✓).



4-тапсырма. Тырнаның айтқан сөзін жазайық.

Blank handwriting lines for the fourth task.

5-тапсырма. Сәйкестірейік.

Сауысқан
Бұлбұл
Тауық
Қарға

сайрайды.
қарқылдайды.
шықылықтайды.
шақырады.

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіңді бағалау 🍌 🤔

Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл айкүн.....сағат



➤ Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаймыз.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындайық.

Әлидің үйі орманға жақын. Бір күні Әли бөлмеде жүрген кішкентай тиінді көрді.

Әли әкесінен:

– Әке, тиін қайдан келген? – деп сұрайды.

– Орманнан келді, – дейді әкесі.

– Алақай, ол менің досым болады! Мен оған тамақ беремін.

– Жоқ, балам. Тиін – жабайы жануар. Ол жаңғақпен қоректенеді. Тиін ормансыз өмір сүре алмайды, – деді әкесі.

– Түсіндім, – деді Әли.

Ол тиінді орманға апарды.

2-тапсырма. Мәтін не туралы?

а) орман туралы

ә) тиін туралы

б) жаңғақ туралы

в) ағаш туралы

3-тапсырма. Әли не істеді? Оның іс-әрекетін сәйкестірейік.

тиінді көрді.

Әли

тиінге тамақ берді.

тиінді орманға апарды.

4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап жаз.

1) Әли бөлмесінде нені көрді? _____

2) Ол қандай жануар? _____

3) Ол немен қоректенеді? _____


5-тапсырма. Жұмбақтың шешуін табайық.**Жұмбақ**

Шырша саясы – күркесі,

Өзі – орман еркесі.

Қарғып жүрер жан-жаққа,

Өте құмар жаңғаққа. (.....)

6-тапсырма. Суретті бояйық.

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау



Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл айкүн.....сағат



- Ертегіні оқып, мазмұнын ата-анамызға айтып береміз.
- Ертегінің мазмұны бойынша тапсырмалар орындаймыз.

1-тапсырма. Ертегіні түсініп оқиық және тапсырмаларды орындайық.

Түлкі мен тырна
(Ертегі)

Ертеде түлкі мен тырна дос болыпты. Бір күні түлкі тырнаны қонаққа шақырып: – Маған қонаққа кел, қымбаттым! Мен дәмді тамақ пісіріп қоямын, – дейді. Тырна түлкіге қонаққа келеді. Түлкі оның алдына табаққа салынған ботқаны қойыпты да: – Кел, қымбаттым, қысылма. Тамақ же, – депті. Тырна ұзын тұмсығымен жалпақ ыдыстағы ботқаны жей алмапты.


Келесі күні тырна түлкіні қонаққа шақырыпты. Ол түлкіге арнап салқын көже дайындайды. Көжені мойны тар құмыраға құйып береді. Түлкі қанша әуреленсе де, құмырадағы тамақты жей алмайды. Түлкінің басы құмыраға сыймады. Ал тырна ұзын тұмсығымен өз тамағын өзі жей беріпті. Түлкі тамақ жей алмай, үйіне аш қайтады.

Осылайша түлкі мен тырнаның достығы аяқталыпты.

2-тапсырма. Ертегі кейіпкерлерін жазайық.

Blank handwriting lines for writing the names of the characters.

3-тапсырма. Оқыған ертегімізге сәйкес суретті тауып, белгілейік.



4-тапсырма. «Құмыра, сыймады, ыдыстағы, осылайша» сөздерін буынға бөліп жазайық.

Blank handwriting lines for writing the words from the story.

5-тапсырма. Ертегіден не? қайтті? не істеді? деген сұраққа жауап беретін сөздерді теріп жазайық.

Не?	Қайтті? Не істеді?
.....
.....
.....
.....

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап жазайық.

1. Түлкі кімді қонаққа шақырды?
2. Тырна тамағын іше алды ма?
3. Тырна қонаққа кімді шақырды?
4. Түлкі тырнаның үйінен қалай қайтты?

7-тапсырма. Ертегідегі оқиға желісі бойынша сөйлемдердің ретін тауып, белгілейік.
(1-5)

Ол түлкіге арнап салқын
көже дайындайды.

Бір күні түлкі тырнаны
қонаққа шақырады.

Түлкі тамақ жей алмай, үйіне
аш қайтады.

Тырна түлкіге қонаққа келеді.

Түлкінің басы құмыраға
сыймады.

Келесі күні тырна түлкіні
қонаққа шақырыпты.

8-тапсырма. Жұмбақтың шешуін табайық.

Жұмбақ

Қырда жүрер ол жортып,
Іні де жоқ бармайтын.
Құйрығымен бұлтартып,
Қандай аң ол алдайтын?

(.....)

9-тапсырма. Ертегі кейіпкерлерінің суретін бояйық.




Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат

Өзіндік бағалау



Оқушының аты-жөні:

Бастаған: жыл айкүн.....сағат



- Тапсырмаларды мұқият оқып, дұрыс жауабын белгілейміз.
- Шығармашылақ тапсырмаларды толықтырып орындаймыз.

1. Бірыңғай жіңішке дауысты дыбысы бар сөзді белгілейік.

- а. қырман ә. егістік б. орман в. жайылым

2. Буынға дұрыс бөлінген сөзді табайық.

- а. өрм-екш-і ә. ө-рмек-ші б. өр-мек-ші в. ө-рме-кші

3. Мәтінде неше сөйлем бар?

Жаз келді. Күн шығып, дала жасыл кілемге оранып, әдемі гүлдер жайқалды. Балалар да демалысқа шығып, ауылдағы ата-әжелерінің үйлеріне барды. Күн сәулесі адам денесін қыздырады.

- а) 4 ә) 9 б) 5 в. 3

4. Тасымалданбайтын сөзді табайық.

- а. аспан ә. жақсы б. тату в. ақын г. шешен

5. Қ әрпі жазылатын сөзді көрсетейік.

- а. көрі...ті ә. кө...тем б. кәсіп...ер в. бере...е г. бай...ау

6. Жұмбақты шешейік.

Қойны толы жеміске,
Көк майсалы еңісте.
Көбелек қуып ойнайтын,
Қай мезгіл деп ойлайсың? (_____)

7. Сөздерді дұрыс орналастырып, сөйлем құрап жазайық. Тиісті тыныс белгілерін қояйық.

құстары, келеді, жыл, Көктемде, ұшып.
құлап, Балапан, түсті, ұясынан.
Айжан, ма, дүкенге, барды.

8. Берілген сызба бойынша сөйлем құрап жазайық.

_____ .

_____ ?

_____ !

9. Қанша? неше? деген сұраққа жауап беретін сөздердің астын сызайық.

Алпыс ала қарға, Барлығын қоссаң,
Қырық қара қарға. Қанша болады?
Ұшады, қонады. *Жауабы:*

10. Суреттер бойынша шағын әңгіме құрастырайық.



Blank writing lines for composing a short story based on the illustrations.

Тапсырмалар	1	2	3	4	5	6	10	11
Жауаптар								

Тараулық бағалаудың жол картасы

Берілген сызба бойынша сөйлем құрап жазайық.
Мұғалімнің бағалауы
Өзіңдік бағалау

Сурет бойынша шағын әңгіме құрастырайық.
Мұғалімнің бағалауы
Өзіңдік бағалау

Сөйлем құрап жазайық. Тиісті тыныс белгілерін қояйық.
Мұғалімнің бағалауы
Өзіңдік бағалау

Қанша? Неше? деген сұраққа жауап беретін сөздердің астын сызайық.
Мұғалімнің бағалауы
Өзіңдік бағалау

Сынамаларды орындайық.
Мұғалімнің бағалауы
Өзіңдік бағалау

Жұмбақтарды шешейік.
Мұғалімнің бағалауы
Өзіңдік бағалау

Аяқтаған: жыл ай ... күн.....сағат Өзіңдік бағалау